

**"Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы N 3700  
Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 19 наурыз N 3872.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.07.28. N 421  
жарлығымен. ~U000421

"Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы  
" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы N 3700  
U973700\_ Жарлығына сәйкес және бюджет жүйесінің теңгермелілігін  
қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. "Ақмола арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан  
Республикасы Президентінің 1998 жылғы 9 қазандағы N 3127 Жарлығымен (  
Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 41, 383-құжат) бекітілген  
Ақмола арнайы экономикалық аймағы туралы ереженің "Қаржы" деген IV  
тарауының 14-тармағы алтыншы абзацының күші тоқтатыла тұрсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтың 1-тармағы күшінде  
болатын кезеңге Ақмола арнайы экономикалық аймағының бюджетінен  
жасалатын аударымдардың мөлшерін белгілесін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті